тіл білімінің басқа ғылым салаларымен байланысын оқып біліп шығады;

тіл білімі тарихындағы негізгі бағыттар мен мектептер туралы мәліметтерді меңгеріп шығады;

тіл біліміндегі зерттеу әдістерін танып шығады;

Құзыреті:

арнайы: Салыстыру, тұжырымдау, жүйелеу біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;

пәндік: студенттердің тіл білімі бойынша алған білімдерін жинақтап, қорытындылау сипатында және олардың жалпы тіл білімінен теориялық білімдерін толықтырады;

- тіл тарихының даму кезеңдері мен тіл білімі тарихындағы негізгі бағыттар мен мектептер, оның өкілдері, зерттеушілер туралы мәліметті меңгеру.

ТК 2.8

Пәннің шифры: КТТГ 3224

Пән атауы: Қазақ тілінің тарихи грамматикасы

Пререквизиттері: Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы

Постреквизиттері: алған білімі мен дағдысын кәсіби қызметте пайдалану

Мақсаты: Қазіргі қазақ тілі бойынша алынатын білімді тереңдете отырып, қазақ тілінің тарихи лексикалық қоры мен құрамын, толығу жолдары мен жүйесін, тіл тарихының қалыптасу, кемелдену жолындағы фонетикалық өзгерістердің рөлін, этимологиялық және этнолингвистикалық ерекшеліктерін, сөзжасам жүйесі мен оның теориялық номинациялық қисындарын, грамматикалық құрылымындағы тұлғалық және қызметтік, мағыналық өзгерістердің себебі мен салдарын, сөз және сөйлем құрылымының күрделену сипатын т.б. ғылыми негіздеп кешенді түрде оқыту.

Пәнге қысқаша сипаттама: «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» пәні тілдің бүкіл құрылымындағы тілдік бірліктер, олардың қалыптасу, даму жолы мен тіл жүйесіндегі тарихи өзгерістерін қарастырады. Тарихи грамматика пәнінің негізгі теориялық тұжырымдары көне әдеби жазба ескерткіштер тілі мен халықтың сөйлеу тілі, диалектілік ерекшеліктері негізінде жасалады. Сондай-ақ адамзат тілі даму сатысының ең көне, ежелгі заманаларындағы қалыбын да ретроспективті, перспективті, типологиялық, салыстырмалы-тарихи т.б. әдістер арқылы жобалап, бағдар жасайды.

Күтілетін нәтиже: тарихи фонетика, тарихи сөзжасам, тарихи морфология мен синтаксис мәселесіне қатысты теориялық, ғылыми деректерді біліп шығады.

Құзыреті:

арнаулы: ғылыми-теориялық тақырып негізінде ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізуге, талдауға, сараптауға, тұжырымдауға дағдыланады.

пәндік: студент қазақ халқының этногенездік құрамына сәйкес халық тілінің қалыптасу ерекшеліктерін, дыбыстық сипаты мен грамматикалық құрылымының ғылыми негіздерін, ұлт тілі ретінде өсу, даму жолдарын онтологиялық бағдарда кешенді түрде меңгеріп шығады.

ТК 2.8

Пәннің шифры: Мағ 3224

Пәннің атауы: Мағжантану

Пререквизиттері : Әдебиеттануға кіріспе

Постреквизиттері: Мектептегі қазақ әдебиеті курсы

Мақсаты: Мағжан шығармаларының әдебиеттегі орнын айқындап, белгілеу, өлеңдерінің негізгі сипаттарын ашып көрсету. Ақын поэмаларының жанрлық-тақырыптық, идеялық-

көркемдік ерекшеліктерін жете зерттеп, оларды бүгінгі күн тұрғысынан жаңаша бағамдау. Мағжан Жұмабаев шығармаларын жан-жақты талдау арқылы оның әдеби процестегі маңызын қрсету, қазақ әдебиеті тарихындағы алар орнын пайымдау.

Пәнге берілген қысқаша сипаттама: Мағжан Жұмабаев қаламынан туған дүниелер - халық үшін таусылмас қазына. Мағжан поэзиясының, оның суреткерлік шеберлігі, ақындық ой асқақтығы, көркем тіл үлгісі, стилінің даралық ерекшелігі - оның жыр әлемі адам жанының нәзік қатпарларына еркін сіңісіп, мейірімділік пен сұлулыққа жетелейтін бояуы ашық, нақышы әсем кең тынысты, ғұмырлы, мәңгілік жыр-толғауында.

Күтілетін нәтиже: Мағжан Жұмабаев шығармаларын жан-жақты талдау арқылы оның әдеби процестегі маңызын қрсету, қазақ әдебиеті тарихындағы алар орнын пайымдау.

Құзыреті:

арнайы: альтернативті шешім таба білу біліктері мен дағдыларын меңгеру, сыни тұрғыдан ойлауға, жаңа педагогикалық идеяларды игеруге қабілетті болу;

пәндік:

- автордың идеялық - адамгершілік концепциясын анықтау мақсатында оқытылатын шығарма кейіпкерлерін салыстыра отырып қарастыра білуі;
- жанрды, шығармаларды, кейіпкерлерді, сондай-ақ оларда көтерген келелі мәселерді, көркемдік ерекшеліктерін салыстыра отырып қарастыруы;
- әдеби сын – зертеулерге тезис және конспект жасай білуі.

ТК 2.8

Пәннің шифры: EZhP 3224

Пән атауы: Ерлік жырларының поэтикасы

Пререквизиттері: ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті (1-кезең)

Постреквизиттері: Әдебиет теориясы мен сыны

Мақсаты: Студенттерге Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлікті жырлаған әр ұлттың ақындарының поэмаларын оқыту, көркемдік-жанрлық жағынан, тілдік ерекшеліктеріне сәйкес қарастыру.

Пәнге қысқаша сипаттама: Еңбекте Ұлы Отан соғысының алғашқы кезеңіндегі ел астанасы Москваны қорғауда ерлік көрсеткен Жиырма сегіз панфиловшының ерлігін арқау еткен әр ұлттың, қазақ, қырғыз, орыс, тәжік, түрік ақындарының бір кезеңде дүниеге келген поэмалары ортақ тақырып аясында топтастырылып, көркемдік-жанрлық жағынан, тілдік ерекшеліктеріне, шығармалардың ұлттық сипаттарына сәйкес қарастырылған.

Күтілетін нәтиже: Ұлы Отан соғысы қарсаңында туған әртүрлі ұлттың поэмалары, Дубосеково торабында болған тарихи оқиғаға қатысты деректер, поэмалардағы ортақ ізденістер, батырлық жыр сарыны, лирикалық элементтерді игеру.

Құзыреті:

арнайы: құрылымдау және жүйелеу біліктері мен дағдыларын меңгеру, педагогикалық болмысты тұтас қабылдауға және жүйелі ойлауға қабілетті болу; ұлттық әдебиеттің жалпы даму жолы, белесті кезеңдері, көркемдік-эстетикалық мәселелерін игеру;

пәндік:

- Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі поэмалармен танысу;
- идеялық-көркемдігін айқындай білу;
- Поэмалардағы ортақ ізденістерді қарастыру;
- Поэмалардағы лирикалық элементтерді, батырлық, аңыздық жыр сарынын салыстыра отырып меңгерту.

Т.К 2.9

Пәннің шифры: KTS 4225

Пән атауы: Қазақ тілінің стилистикасы

Пререквизиттері: Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі

Постреквизиттері: алған білімі мен дағдысын кәсіби қызметте пайдалану

Мақсаты: Студенттерді стилистиканың негізгі мәселелерімен, стильдерді тілдік ұйымдастыру ұстанымдарымен, тілдік құралдарды сөйлеуде қолдану заңдылықтарымен таныстыру. Бұл пән студенттер мен оқушылардың сөйлеу мәденетін қалыптастыруға көмектеседі.

Пәнге қысқаша сипаттама: Стилистика- тіл білімінің негізгі саласының бірі. Тілдік элементтердің дұрыс, әсерлі қолданылуын зіннің объектісі санайтын стилистика тіл білімінің барлық салаларымен тығыз байланысты. Ол сөз ішіндегі дыбыстардың жүйелі жұмсалуын, орфографиялық, орфоэпиялық заңдылықтардың нормасын, сөз мағыналарының жүйелі қолданылуын, морфологиялық сөз тұлғалары мен грамматикалық формалардың жүйелілігін, сөз тіркестері мен сйлемдердің әр түрлі конструкцияларының айтылмақ ойға сай жүйелі де әсерлі болу жағын үйрететіндіктен, тіл білімінің барлық салаларымен (фонетика, лексикология, морфология, синтаксис) тығыз байланысты.

Күтілетін нәтижелер: Дыбыстардың жүйелі жұмсалуын, орфографиялық, орфоэпиялық заңдылықтардың нормасын, сөз мағыналарының жүйелі қолданылуын, морфологиялық сөз тұлғалары мен грамматикалық формалардың жүйелілігін, сөз тіркестері мен сөйлемдердің орынды жұмсалуын игеру.

Құзыреті:

арнайы: формализациялау, құрылымдау және жүйелеу біліктері мен дағдыларын меңгеру, педагогикалық болмысты тұтас қабылдауға және жүйелі ойлауға қабілетті болу.

пәндік:

- болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің өз ойын дұрыс жеткізе білуі, ойын қағазға түсінікті де айқын түсіре алуы;
- сөз мағыналарының орынды қолданылуын грамматикалық формалардың жүйелілігін, сөз тіркестері мен сөйлемдердің орынды жұмсалуын меңгеру.

ТК 2.9

Пәннің шифры: КААТ 4225

Пән атауы: Қазақ әдеби тілінің тарихы

Пререквизиттері: Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы

Постреквизиттері: алған білімі мен дағдысын кәсіби қызметте пайдалану

Мақсаты: әдеби тіл ұғымы, сипаты, қоғамдық қызметі, түрлерін ажырата білуі:әдеби тілдің нормаларын меңгеруі;әдеби тілдің көркем әдебиетімен, функционалдық стильдермен арақатынасын ажыратуы;қазақ әдеби тілінің қалыптасуы және даму кезеңдері жөніндегі ғылыми көзқарастармен таныс болуы.

Пәннің қысқаша сипаттамасы. Қазақ әдеби тілі тарихының қалыптасу және даму кезеңдері, қазақ әдеби тілі нормалары мен оның түрлері жөнінде ғылыми тұрғыдан жүйелі білім беру мақсаты мен міндетін көздейді.

Күтілетін нәтижелер: болашақ филолог мамандардың ұлт тілінің ең жоғары даму көрсеткіші - әдеби тіл мен оның жалпыхалықтық тілін, ауызекі сөйлеу тілімен арақатынасы сияқты мәселелердің теориялық-практикалық негізін ұғыну аса маңызды болып табылады.

Құзыреті:

арнайы:

- қазақ әдеби тілінің қалыптасуына негіз болған тарихи арналарды білуі;
- тарихи арналар мен қазақ әдеби тіліндегі тілдік дәстүр жалғастығын;
- қазақ әдеби тілінің қалыптасуындағы халықтық дәуірді;
- қазақ әдеби тілінің қалыптасуындағы ұлттық дәуірді біледі;
- қазақ әдеби тілінің даму кезеңдерін;
- қазақ әдеби тілінің әрбір даму кезеңдеріндегі әдеби тілдің сипатын, өзгерісін, дамуын, нормаларын меңгереді.

пәндік:

- қазақ әдеби тілі дамуының негізгі кезеңдерін білуі;
- түрлі кезеңдердегі мәтіндерде кезеңдерде кездесетін төл және тума бірліктердің қатынасын білуі;

- түрлі кезеңдердегі мәтінді сараптау дағдысына ие болуы.

ТК 2.9

Пәннің шифры: АТС 4225

Пән атауы: Әдебиет теориясы мен сыны

Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе

Постреквизиттері: алған білімі мен дағдысын кәсіби қызметте пайдалану

Мақсаты: Әдебиет теориясы курсының басты мақсаты - студенттерге көркем әдебиеттің қоғамдық мәнін, әлеуметтік, идеялық-моральдық, эстетикалық қуатын, поэтиканың зерттелу тарихын, әдебиет теориясының негізгі үш циклының зерттеу объектісін, әлемдік әдебиеттану ғылымының жетістіктерін зерттей оқыту арқылы қызығушылық тудыру. Көркем шығарманы теориялық тұрғыдан және жазушының шығармашылық лабораториясын зерттеу дағдыларын қалыптастыру.

Пәнге қысқаша сипаттама: Әдебиет теориясы - әдебиеттің даму заңдылықтарын, көркем шығарманың теориялық қағида-қисындарын, әдеби процеске ортақ сипат белгілердің заңдылықтарын айқындайды.

Күтілетін нәтижелер: Әдебиеттің қоғамдық өмірмен байланысын ашатын идеялық, эстетикалық, танымдық, ұлттық сипаттарын, көркем шығарманың құрылысын, мазмұнын мен түрін, тіл ерекшеліктерін, жанрлардың сипатын әдебиетте қолданылатын көркемдік әдістердің әдеби процеске әсерін меңгереді.

Құзыреті:

арнайы: педагогикалық қызметте жоғары мотивацияға ие болу, өз бетімен білім алуға және өзін-өзі тануға ұмтылады.

пәндік: қазақ әдебиетінің тарихи дамуы процессін ғылыми тұрғыда бағалау мен саралау жолдарын меңгерген, көркем шығармаға поэтикалық талдаулар жасайды, қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселесіне теориялық тұрғыда баға беріп, жанаша тұжырымдай біледі;

- Эпика, лирика, драма жанрларының қалыптасып, дамуының объективті себептерін ашып, айқындай алады, көркем туындылардағы көтерілетін тақырыптық-идеялық өзекті мәселелерді, ондағы дәуір демін, қоғам шындығын аша біледі;

- көркем образ, әдеби характер, әдеби тип, реализм, романтизм, модернизм және жазушы стилінің қалыптасуы сияқты әдеби ұғымдардың негізгі белгілерін ажыратады.

ТК 2.9

Пәннің шифры: Аба 4225

Пәннің атауы: Абайтану

Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе

Постреквизиттері: алған білімі мен дағдысын кәсіби қызметте пайдалану

Мақсаты: Абай поэзиясы-өз заманындағы қоғамдық өмірдің ең көкейтесті, ең маңызды мәселелерін қозғаған, толғаған поэзия. Ақын өлеңдерінде, қарасөздерінде қазақ өмірінің көркем бейнелі телегей шындығы бар. Сондықтан, таңдау курсының оқытудағы мақсат ақын шығармаларының қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында өзінше бөлек, өресі аса биік, мүлде жаңа ой, көркем сезім әлемін ашқанын танытуды, поэма жазудағы нәзіралық дәстүрді жаңғыртуын, аударма саласындағы жетістіктерін, еркіндігін, талантын, мақсатын талдап түсіндіруді көздейді.

Пәнге берілген қысқаша сипаттама: Абай мұрасының жазылу тарихы, ақын мұраты, идеялық нысанасы, өлеңдері мен поэма, қарасөздерінің құрылым жүйесін, көркемдік, тілдік, стильдік, эстетикалық ерекшелігі. Ақын мұрасының қазақ әдебиетінің өзіне дейінгі әдебиеттен алған, дамытқан жетістіктері, реформаторлығы, өзінен кейінгі әдебиетке үлгі мектебі болғаны, мұрасының текстологиялық зерттелуі жан-жақты қарастырылады.

Күтілетін нәтиже:

-Абайтану тарихымен терең танысады,-Абай поэзиясының жұмбақ қыр-сырын түсінеді
-өлеңдерін поэтикалық тақырыптық - идеялық, көркемдік, тілдік тұрғыдан талдай алады.

- Абай реформаторлығының сырын ұғынады.

- Абайтану ғылымының тарихын, жетістіктерін, бүгінгі бағытын болжай біледі

Құзыреті:

арнайы: Абайтанудың даму жолы, белесті кезеңдері, көркемдік-эстетикалық мәселелері жөнінде түсінігі қалыптасады; абайтанудың бүгінгі жай-күйінен жаңа мәліметтер алады.

пәндік: Ақын поэзиясын тақырыптық-идеялық, көркемдік-эстетикалық, жанрлық, құрылымдық, тілдік-бейнелілік тұрғыдан талдауға, ақынның қазақ өлеңіне енгізген жаңалығын, реформаторлығын, ұлттық әдебиетті дамытудағы ролін айқындауға қабілетті.

ТК 2.10

Пәннің шифры: TBZhB 4226

Пән атауы: Тіл білімінің жаңа бағыттары

Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе

Постреквизиттері: алған білімі мен дағдысын кәсіби қызметте пайдалану

Мақсаты: ХХІ ғасырдағы тіл білімінің зерттелу бағыттарымен танысу. ХХІ ғасырдағы фонетика, грамматика, лексикология, синтаксис саласындағы жаңа бағыттар мен ағымдар жайлы мағлұмат алу.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: «Тіл білімінің жаңа бағыттары» курсы мына мәселелерді қамтиды: Лингвистикалық идеялардың эволюциясы және тіл біліміндегі жаңа бағыттар; Тілдің социологиялық тұрғыдан зерттелуі; Қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық зерттеулер мектебі; Тіл ғылымының куммулятивтік даму сипаты; Тілтанымның теориялық негізі; Ғаламның тілдік бейнесі; Психоллингвистика және тілдік бірліктердің түрлері; Концепт – конитивтік лингвистиканың негізгі ұғымы; Тілдік қатынас және мемлекеттік тіл; Тілдердің даму заңдылығы.

Күтілетін нәтиже:

- тіл біліміндегі жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді меңгеруі тиіс.

- әлемдік, отандық тіл ғылымдары дамуындағы жаңа тұжырымдар мен концепцияларды сыни тұрғыдан қарастырып, өзінің ғылыми форумдар мен семинарларда, конференцияларда еркін жеткізе білуі;

- тіл ғылымындағы әртүрлі бағыттар негізінде алған білімдерін өзара ұштастыра отырып аналитикалық талдау жасай алу, сол негізде өз білімдерін кеңейтіп, терендете алу;

- Тіл білімінің жаңа бағыттары мәселелерін терең түсініп, алған білімдерін өздерінің зерттеу жұмыстарында және пәнді оқыту жұмыстарында пайдалана білу.

Құзыреті:

арнайы:

- жалпы тіл біліміндегі, қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелерге арналған жаңа еңбектермен, ондағы теориялық тұжырымдармен, концепциялармен танысып, оларды пайдалана алады;

- теориялық білімдерін қолданбалы мақсаттағы жұмыстармен ұштастыра алады.

пәндік:

-филология ғылымындағы жаңа бағыттар жайлы ғылыми ақпарат бере алады;

-қазіргі тіл білімінің негізгі бағыттарын аңғартатын пікірлер туралы ой қорытып ізденуге бағыт-бағдар бере алады;

-қазақ тіл ғылымының қазіргі беталысын таниды;

-қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық мектептерді жете меңгерген;

-тіл біліміндегі жаңа теориялық тұжырымдармен танысып, өз бетінше талдау жасайды.

ТК 2.10

Пәннің шифры: AZhB 4226

Пән атауы: Әдебиеттанудың жаңа бағыттары

Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе

Постреквизиттері: алған білімі мен дағдысын кәсіби қызметте пайдалану

Мақсаты: Қазіргі әдебиеттанудың даму тенденцияларын ашу; көркем шығармалары мен әдеби құбылыстарын зерттеудің ғылыми әдістермен таныстыру. ХХІ ғасырдағы әдебиеттанудың зерттелу бағыттарымен танысу. ХХІ ғасырдағы герменевтика, текстология, әдеби сын, көркем аударма саласындағы жаңа бағыттар мен ағымдар жайлы мағлұмат беру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Әдебиеттану ғылым ретінде (нысаны, пәні, құрылымы). Әдебиеттану ғылымының қалыптасу және дамуының негізгі кезеңдері (пайда болуы, ғылыми-философиялық алғышарттары). Әдебиеттанудың тарихы. Соңғы он жылдағы әдебиеттану ғылымының мәселелері. Қазіргі әдебиеттанудың теориялары мен концепциялары. Әдебиеттанудағы негізгі бағыттар мен мектептер. Көркем шығарманы зерттеу әдістемесі мен әдіснамасы. Әдебиеттанушылық зерттеулердің инновациялық әдістері мен тәсілдері. Пәнаралық зерттеулер.

Күтілетін нәтиже: - білуі тиіс: қазіргі әдебиеттанудың бағыттарын, даму тенденцияларын, көркем шығарманы талдау әдістері мен тәсілдерін; филология ғылымының ұғымдары мен категорияларын, әдебиеттанудың пәнаралық байланыстарын; қазіргі әдебиеттанудың негізгі теориялары мен концепцияларын; негізгі библиографиялық дереккөздерін және іздестіру жүйелерін; - игеруі тиіс: көркем шығармаларды талдауда әдебиеттанушылық бағыттардың принциптерін қолдану; әдебиеттанушылық мәселелерін жанжақтан талдау; әдебиет теориясы мен тарихы бойынша өз қорытындыларын жазба және ауызша түрде жеткізу. - дағды тиіс: әртүрлі әдістер мен тәсілдер арқылы жазушылардың шығармаларын талдау; дәстүрлі және инновациялық технологияларын қолдануы негізінде әдеби және тілдік деректерді жинау және талдау; зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми шолу, аннотация, реферат және библиографияны дайындау; библиографиялық сипаттаманы; баяндама мен хабарламаны жасау; өз зерттеулерін ауызша, жазбаша (ақпараттық желілерде орналастыру) түрде ұсыну.

Құзыреті:

арнайы:

- жалпы әдебиеттанудағы өзекті мәселелерге арналған жаңа еңбектермен, ондағы теориялық тұжырымдармен, концепциялармен танысып, оларды пайдалана алады;
- теориялық білімдерін қолданбалы мақсаттағы жұмыстармен ұштастыра алады.

пәндік:

Пәндік – тіл білімін пән ретінде меңгеру арқылы болымысты танып-білу, одан ақпаратты мағлұматтар алу, сөз өнерінің негізінде білім алушының дербес шығармашылық қабілетін, ойлау жүйесін дамытып, біліктілігін арттыру.

ТК 3.1

Пәннің шифры: РАК 3303

Пән атауы: Педагогтың оқу-әдістемелік құжаттары

Пререквизиттері: Педагогика

Постреквизиттері: Мектептегі қазақ тілі курсы

Мақсаты: Қазіргі білім беру жүйесіндегі негізгі нормативтік-құқықтық актілер, заңнамалар, ережелермен, әдістемелік нұсқаулықтар мен нұсқау хаттармен таныстырып, олардың негізінде білім беру қызметін ұйымдастыруды үйрету.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: ҚР «Білім» туралы заңы, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары; оқу үдерісіне қазіргі заманғы оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдарды енгізу, оқу бағдарламалары, типтік оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, оқу-әдістемелік құралдар, оқытудың жаңа технологиялары, пәндердің оқу-әдістемелік кешендері (ПОӘК), критериялы бағалау нұсқаулығы.

Күтілетін нәтиже:

- педагогикалық қызметте негізге алатын құжаттарды меңгереді;
- оқу үдерісіне қажетті оқу-әдістемелік кешендерді талапқа сай рәсімдеуді үйренеді.

Құзыреті:

- қазіргі білім беру жүйесіндегі негізгі нормативтік-құқықтық актілер, заңнамалар, ережелермен, әдістемелік нұсқаулықтар мен нұсқау хаттарды біледі;

- өзінің педагогикалық қызметінде оқу-әдістемелік құжаттарды негізге алады;
- талаптарға сәйкес оқу-әдістемелік кешендер дайындай алады.

ТК 3.1

Пәннің шифры: PSh 3303

Пән атауы: Педагогикалық шеберлік

Пререквизиттері: Педагогика, Қазақ тілін оқыту әдістемесі

Постреквизиттері: Мектептегі қазақ тілі курсы

Мақсаты: Студенттердің педагогикалық және кәсіби шеберлігін, құзырлығын және сабақ беру әдістемесін үздіксіз жетілдіру арқылы студенттердің сапалы білім алуына, шығармашылық деңгейінің жоғары сатыға жетуіне ықпал етудің жолдарын үйрету. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің өз ісін жоғары деңгейге жеткізуге, кәсіби сауаттылықтарын жетілдіруге, оқыту процесіне жаңа технологияларды ендіру арқылы оқыту сапасын арттыруға ұйытқы болуға, парасатты жеке тұлғаны қалыптастыруға, оқу-тәрбие жұмысын қазіргі заман талабына және мемлекеттік білім беру стандартына сай жүргізуге баулу.

Пәннің қысқаша сипаттамасы:

- Жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамыту бағытында жасалған педагогикалық ғылым мен іс-тәжірибедегі жетістіктерді оқып үйрету;
- Қазақ тілінен студенттердің білімі мен біліктілікті, дағдыны сапалы игеруді қамтамасыз ету жолында оқу-дамыту ортасын құруды меңгерту;
- Қазіргі заман талабына сай оқушылардың білімін жан-жақты тереңдету арқылы оқушылардың ізденімпаздық қабілеттерін дамытудың жолдарын көрсету;
- Студенттердің ғылыми - танымдық қабілетін арттырудың әдістемесін меңгерту.

Күтілетін нәтиже:

- Студенттердің ақпараттық - коммуникациялық технология негізінде жұмыс жүргізе алуы;
- Студенттердің жаңа педагогикалық технологиялар мен инновацияларды өз тәжірибесіне енгізуі;
- Озық педагогикалық тәжірибелерді зерттеуі, үйренуі, ендіруі;

Әдістемелік шеберлігін, кәсіби деңгейін арттыру арқылы сапалы білімге қол жеткізуі;

Құзыреті: арнайы: Теориялық білімдерін өмір көріністерімен ұштастыру, оқушылардың мамандыққа байланысы қызығушылықтарын арттыру, пәнге байланысты тұрақты қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту.

пәндік:

- озық тәжірибені тарату және танымдық жұмыстарды ұйымдастыру; әдістемелік және ақпараттық мәліметтер жинағын құру;
- педагогтардың оқу-әдістемелік, тәжірибелік іс-әрекетін ұйымдастыру; Студенттердің ой-өрісін, шығармашылығын дамытуға, дүниетанымын кеңейтуге арналған жұмыстарды ұйымдастыру;

ТК 3.2

Пәннің шифры: ZSZh 3304

Пән атауы: Заманауи сабақты жоспарлау

Пререквизиттері: Педагогика, Қазақ тілін оқыту әдістемесі

Постреквизиттері: Мектептегі қазақ тілі курсы

Мақсаты: ақпараттың ішінен өзіне қажеттісін таңдап,оны пайдалану, проблемаларды шешу және шешім қабылдау, өзіндік пікір,идеялар, тұжырым, түсінік келтіру, оларды дәлелдей және қорғай білу, ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас құра білу, бірлесе жұмыс жасай білу, жанжалдарды болдырмау, өмірге деген көзқарасын, ұстанатын сенімдерін, қажеттіліктерін, құндылықтарын жалпы адами құндылықтармен байланыстыру, өздігімен үйрене білу, өз білімін әрқашан да дамытып отыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Интербелсенді оқу/оқыту-әрекетпен және әрекет арқылы оқу\оқыту, ал мұндай ұстаным қомақты нәтижелерге жеткізетін ең тиімді жүйе деп

есептелінеді, өйткені адамның жадында бірінші мезетте тек өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасағаны ғана қалады.

Күтілетін нәтиже: Жоғарғы мектепте оқытудың белсенді түрлерін қолданудың басты дәлелі белсенді түрде оқу мен сыни ойлау өмірде қолданыс табатын білім береді.

Құзыреті: Оқу/оқыту қысқа мерзімде ақпараттың көлемді бөлігін тиімді түрде ұсынатын, сол ақпаратты жоғарғы деңгейде игеретін және практикада бекіте алатын әдістерді қолдануды талап етеді.

ТК 3.2

Пәннің шифры: ООZhT 3304

Пән атауы: Оқыту мен оқудағы жаңаша тәсілдер

Пререквизиттері: Педагогика, Қазақ тілін оқыту әдістемесі

Постреквизиттері: Мектептегі қазақ әдебиеті курсы

Мақсаты: Қазақ тілін интербелсенді әдістермен оқыту әдістемесінің методологиялық - теориялық негіздерін және қазақ тілі жүйесінің ішкі салаларын мектепте оқыту ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Курста қазақ тілін интербелсенді әдістермен оқытудың теориялық мәселелері қарастырылып, оқу- әдістемелік әдебиеттер талданады, қазақ тілі сабақтарының болмысы танылады. Курс мазмұнында интербелсенді әдістеменің негізгі мәселелері, білім мен диалог, үйренудің ең тиімді әдістері, ұстаздың жаңа қызметтері, интербелсенді оқытудың шарттары мен ережелері, мотивация тудыру, сәттілікке бағытталу, бірлескен топтық жұмыс, интербелсенді оқытуды ұйымдастыру ережелері, бағалау тәсілдері, интербелсенді сабақ құрылымы, интербелсенді дәріс, интербелсенді әдістер, пікірталас, ойын түрлері, тренингтер, ойсергектер, жағдаяттарды талдау және т.б. мәселелер қамтылады. Студенттер қазақ тілі және интербелсенді әдістер пәнін оқу барысында қазақ тілі мұғаліміне тән болуы тиіс деп саналатын іскерліктерді қалыптастырады.

Күтілетін нәтиже: Оқу/оқыту қысқа мерзімде ақпараттың көлемді бөлігін тиімді түрде ұсынатын, сол ақпаратты жоғарғы деңгейде игеретін және практикада бекіте алатын әдістерді қолдануды талап етеді.

Құзыреті:

арнайы: мектепте білім берудің әр кезеңінде қазақ тілін интербелсенді әдістермен оқытудың мақсат-міндеттерін анықтай алу іскерлігі;

пәндік: оқу-танымдық процестің заңдылықтарын негізге ала отырып, оқушының танымын кеңейтетін, ойлауын дамытатын, тілін дамытатын танымдық, лингвистикалық, дидактикалық,, пән мен оның ішіндегі жекелеген тақырыптардың өз ерекшеліктерінен туындайтын әдістер мен тәсілдер жүйесін тиімді қолдана білу іскерлігі.

ТК 3.3

Пәннің шифры: PR 3305

Пән атауы: Педагогикалық риторика

Пререквизиттері: Сөйлеу мәдениеті

Постреквизиттері: Мектептегі қазақ әдебиеті курсы

Мақсаты: Болашақ мұғалімдерді педагогикалық қарым-қатынас мейлінше тиімді болу үшін өзіндік дауысқа (дауыс тонына), сөйлеу аппаратына ие болуға үйрету; - кәсіби тұрғыда аса мәнді сөз сөйлеу шығармашылығын туындатуға әзірлеу.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Педагогикалық риторика пәнінің мақсат, міндеттері; Қазақтың шешендік дәстүрі; Сөйлеу заңдылығы; Педагог-маманның шешен сөйлеу логикасы; Педагог-маманның шешен сөйлеу мәдениеті; Педагог-шешен мен аудиторияның ара қатынасы; Педагог-шешеннің сөйлеу этикасы; Педагог-шешеннің сөйлеу техникасы.

Күтілетін нәтиже:

- педагогикалық риторика ғылымының өзекті проблемалары мен зерттеу арналарынан толық мағлұмат алады;

- педагогикалық риторика ғылымының теориялық және ғылыми әдістемелік бағыттарын меңгеріп, оқытудың әдіс-тәсілдері туралы мәліметтер жинақталады;
- педагогикалық қарым-қатынас туралы, олардың түрлері, сөйлеу сапалылығы (мәселен, сөз дұрыстығы, тазалығы, дәлдігі, дәлелдігі, байлығы, логикалығы, коммуникативтік жағынан сәйкестілігі), қазіргі қазақ әдеби тілінің нормалары туралы білім көздерімен танысады.

Құзыреті:

арнайы: ұлттық құндылықтар жүйесінде орын алу, этикалық құндылықтар жолын ұстану, ізгілікке және оптимизмге бейім болу; педагогикалық ынтымақтастыққа қабілетті және толерантты болу.

пәндік:

- әдеби тілдің нормаларынан орынсыз ауытқуларды (бұл арада әдеби тілдік норманы бұзушылық туралы) тез аңғару дағдыларын қалыптастыру; өзіндік сөйлеген сөзіне талдай жасай білуге үйрету; сөз сөйлеу сәтіндегі кемшіліктерден құтыла білуге ұмтылыс дағдысы қалыптасқан;
- болашақ мұғалімдерді педагогикалық қарым-қатынас мейлінше тиімді болу үшін өзіндік дауысқа (дауыс тонына), сөйлеу аппаратына ие;
- кәсіби тұрғыда мәнді сөз сөйлеу шығармашылығын туындатуға әзір.

ТК 3.3

Пәннің шифры: ShO 3305

Пән атауы: Шешендік өнер

Пререквизиттері: Сөйлеу мәдениеті

Постреквизиттері: Мектептегі қазақ әдебиеті курсы

Мақсаты: Шешендік сөздер - өз заманындағы қоғамдық өмірдің ең көкейтесті, ең маңызды мәселелерін қозғаған, толғаған өнер. Шешендік сөздер тарихын, мақсатын, шешендік-билік сөздердің құрылымын, жүйесін, көркемдік, тілдік, эстетикалық ерекшелігін таныту, мектеп бағдарламасы көлемінде алған түсініктерін тереңдетіп, болашақ ұстаздарға қойылатын талап деңгейінде шешендік өнер ғылымының қыр-сырына қанықтырып, тіл мәдениетіне, тапқыр шешен сөйлеуге қабілеттілікті арттыру

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Риторика немесе шешендік өнер ғылымы «өнердің падишасы» ретінде саналған. Осы уақытқа шейін сан ғасырлық тарихы бар ұлттық, яғни би-шешендер мұрасы көркем сөз ретінде бағаланды да, әлеуметтік –қоғамдық мәні, мемлекет тағдырын шешудегі ересен қызметі елеусіз, ескерусіз қалды. Шешендік өнер - теңдесі жоқ ұлттық олжамыз, таусылмас қазынамыз. Шешендік сөздердегі нақыл, мақал, мәтел, өсиет, ғибратты ойлар - ұлттық өмір, өнер мектебі.

Күтілетін нәтижелер:

- Шешендік сөздерді тереңдеп тану, философиялық ойлар сырын ұғыну.
- Шешендік сөздердің астарын, жұмбақ қыр-сырын түсіну,
- Тақырыптық - идеялық, көркемдік тұрғыдан талдау жасау, бүгінгі бағытын аңдау, қалауы бойынша өлең, қарасөз жаттау.

Құзыреттілігі:

арнайы: ұлттық құндылықтар жүйесінде орын алу, этикалық құндылықтар жолын ұстанған, ізгілікке және оптимизмге бейім; педагогикалық ынтымақтастыққа қабілетті және толерантты.

пәндік: би-шешендердің шешендік билік сөздерін қалауына жаттқа біледі; шешендік сөздерді поэтикалық тұрғыдан талдай біледі, шешендік арнаулар мен астарлы сөздерді түсінеді; Іс-тәжірибелік сабақтарда тақырыптардың ерекшелігін ашуға қабілетті; қазақ билері мен батырлары мұрасы негізінде елді сүйеге, отаншылдыққа тәрбиелеу мақсаттарын қоя біледі.

ТК 3.4

Пәннің шифры: МКТК 4306

Пән атауы: Мектептегі қазақ тілі курсы

Пререквизиттері: Қазақ тілін оқыту әдістемесі

Постреквизиттері: алған білімі мен дағдысын кәсіби қызметте пайдалану

Мақсаты: мектепте қазақ тілін оқыту үдерісінің ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту, студенттерге қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері мен әдістемелік жүйесін, тілді меңгерудің практикалық жолдарын үйрету арқылы кәсіби деңгейі жоғары, теориялық білімі терең, практикалық дағдысы жетілген, ұлттық ділі қалыптасқан, бәсекеге қабілетті, ғылыми және интеллектуалдық әлеуеті жоғары филолог мұғалім даярлау.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: «Мектептегі қазақ тілі курсы» қазіргі лингвистика, педагогика және әдістеме ғылымдарының жетістіктеріне сүйене отырып, болашақ маманды тілді меңгерудің әдіснамалық, ғылыми-теориялық негіздерімен таныстырады, қазақ тілін оқытудың әдістемелік жолдарын үйретеді.

Күтілетін нәтиже:

- студенттер қазақ тілін оқыту әдістемесінің әдіснамалық-теориялық негіздерін меңгереді;
- қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған ғалым-әдіскерлердің еңбектері мен ой-тұжырымдарымен танысады;
- студенттер педагогика және әдістеме ғылымындағы жаңа тенденциялармен, қағидалармен, бағыттармен таныстырып, оны оқыту үдерісінде тиімді қолданудың жолдарын үйренеді;
- студенттер мектепте оқылатын қазақ тілі пәнінің мақсат-міндеттерімен және жаңа білім мазмұнымен танысады;
- мектепте қазақ тілін оқытудың әдістемелік жүйесімен танысады.

Құзыреті:

арнайы:

- кәсіби және өмір жағдаяттарында кездесетін проблемаларды шешуде тілдік-қатысымдық дағдыларды өз мақсатына қарай орынды қолдана алады.

пәндік:

- сөйлесім біліктіліктері (сөйлесім әрекетінің түрлері) мен тілдік білімдердің бірлігі және оларды қолдана алады;
- «Қазақ тілі» пәнінің терминдері мен ұғымдарын терең меңгереді, психологиялық және педагогикалық қағидаларды ұстануы, оқытудағы дәстүрлі және инновациялық технологияларды меңгере алуы, қазақ тілін оқытудың ерекшелігін түсінуі, кәсіби этикетті меңгереді;
- «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен дайындай алады, білімін бағалауға құзыретті.

ТК 3.4

Пәннің шифры: МКАК 4306

Пән атауы: Мектептегі қазақ әдебиеті курсы

Пререквизиттері: Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі

Постреквизиттері: алған білімі мен дағдысын кәсіби қызметте пайдалану

Мақсаты: Мектепте қазақ әдебиетін оқыту үдерісінің ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту, студенттерге қазақ әдебиетін оқытудың әдіснамалық негіздері мен әдістемелік жүйесін, әдебиетті меңгерудің практикалық жолдарын үйрету арқылы кәсіби деңгейі жоғары, теориялық білімі терең, практикалық дағдысы жетілген, ұлттық ділі қалыптасқан, бәсекеге қабілетті, ғылыми және интеллектуалдық әлеуеті жоғары филолог мұғалім даярлау.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: «Мектептегі қазақ әдебиеті курсы» қазіргі әдебиеттану, педагогика және әдістеме ғылымдарының жетістіктеріне сүйене отырып, болашақ маманды әдебиетті меңгерудің әдіснамалық, ғылыми-теориялық негіздерімен таныстырады, қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік жолдарын үйретеді.

Күтілетін нәтиже:

- әдебиеттің сөз өнері екендігін ұғынады;

- мектептегі әдебиет курсы бойынша берілген материалдарды сыныптар бойынша жүйелейді;
- оқулық, хрестоматияларға талдау жасау; әдебиет пәннің басқа ғылым салаларымен өзара байланысы мен айырмашылықтарын айқындау, ерекшеліктерін көрсету.

Құзыреті:

арнайы:

- кәсіби және өмір жағдаяттарында кездесетін проблемаларды шешуде тілдік-қатысымдық дағдыларды өз мақсатына қарай орынды қолдана алады.

пәндік:

- «Қазақ әдебиеті» пәнінің терминдері мен ұғымдарын терең меңгереді, психологиялық және педагогикалық қағидаларды ұстануы, оқытудағы дәстүрлі және инновациялық технологияларды меңгере алуы, қазақ тілін оқытудың ерекшелігін түсінуі, кәсіби этикетті меңгереді;
- «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен дайындай алады, білімін бағалауға құзыретті.

ТК 3.5

Пәннің шифры: LGTA 4307

Пән атауы: Лексика-грамматикалық талдау әдістері

Пререквизиттері: Қазіргі қазақ тілі морфологиясы, Қазіргі қазақ тілі синтаксисі

Постреквизиттері: алған білімі мен дағдысын кәсіби қызметте пайдалану

Пәннің қысқаша сипаттамасы: «Лексика-грамматикалық талдау әдістері» пәні қазақ тілінен өтілген теориялық мағлұматтарды практикада қолдануды меңгертетін пән. Лексика-грамматикалық талдау өзіндік талдау принциптері, әдіс-тәсілдері бар, талдаудың бірнеше аспектілері айқындалған оқу пәні. Курста фонетикалық, тлексикалық, морфологиялық, синтаксистік кешенді талдау түрлері, жүргізілу реті оқытылады.

Пәннің мақсат-міндеттері. Пәннің негізгі мақсаты грамматикалық тұлғалар, олардың түрлері туралы түсінік беріп, тапсырмалар арқылы тілдік талдау жасаудың тәсілдерін үйрету. Әрбір грамматикалық категорияның өзіндік белгілерін, басқа тілдік конструкциялардан айырмасын, жасалу жолдары мен түрлері туралы және оның қалыптасу, даму жолдары жайлы теориялық білім беруді, практикалық бөлімі студенттердің меңгерген бөлімдерін бекітуді, білім дәрежесін толықтыра түсуді мақсат етеді. Іс тәжірибелік сабақта тілдік талдау жасап, грамматикалық категориялардың түр-түрінің жасалу жолдарын ажырату, оларды іс жүзінде дұрыс қолдана білу дағдыларын қалыптастыру басты назарда болмақ.

Күтілетін нәтижелер: Дыбыстардың жүйелі жұмсалудың, орфографиялық, орфоэпиялық заңдылықтардың нормасын, сөз мағыналарының жүйелі қолданылуын, морфологиялық сөз тұлғалары мен грамматикалық формалардың жүйелілігін, сөз тіркестері мен сөйлемдердің орынды жұмсалудың тілдік талдау тапсырмалары арқылы игеру.

Құзыреті:

арнайы: нақты әлеуметтік – педагогикалық жағдайды ескере отырып кәсіби қызметте теориялық білімдерді қолдана алу біліктері мен дағдыларын меңгеру; ұлттық құндылықтар жүйесінде орын алу, этикалық құндылықтар жолын ұстану, ізгілікке және оптимизмге бейім болу;

пәндік:

- сөз мағыналарының орынды қолданылуын грамматикалық формалардың жүйелілігін, сөз тіркестері мен сөйлемдердің орынды жұмсалудың меңгеру.

ТК 3.5

Пәннің шифры: ZhAZhShO 4307

Пән атауы: Жергілікті ақын-жазушылар шығармашылығын оқыту

Пререквизиттері: XIX ғасыр әдебиеті, XX ғасырдағы қазақ әдебиеті (2-кезең)

Постреквизиттері: алған білімі мен дағдысын кәсіби қызметте пайдалану

Мақсаты: Жетісу әдебиетін тануды жалпы қазақ қаламгерлері шығармашылығымен байланыстыра қарастырып, қазақ әдебиетінің ркендетудегі қызметін айқындау, кейінгі әдебиеттегі асыл арналарын жүйелеу.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Жетісу өлкесі әсем табиғатымен ғана емес, жыр мен сырға, ән мен күйге, лең мен нерге толы сан ғасырлық шежіресімен де ерекшеленеді. «Айтыс өнерінің жұлдыздары» атанған Бақтыбай, Қуат, Сара, Қалқа т. б. өнер тарландарының сөз маржандарын оқу арқылы көркем әдебиетке, халықтың бай әдеби мұрасына деген құштарлық арта түсуі заңды. Жыр дүлдүлі атанған Ілияс Жансүгіровтың өнегесін ұстана келген Ғали Орманов, Әділбек Абайділданов, Қанипа Бұғыбаева, Сәкен Иманасов сынды ақындарымыздың өлеңдерін, Әнуар Әлімжанов, Сайын Мұратбеков, Бексұлтан Нұржекеев сияқты жазушыларымыздың прозалық шығармаларын оқи отырып, туған өлке келбеті, тарихи тұлғаларымыздың тағдыры жайлы деректермен, өлке тынысымен танысады.

Күтілетін нәтиже: Жыр дүлдүлі атанған Ілияс Жансүгіровтың негесін ұстана келген Ғали Орманов, Әділбек Абайділданов, Қанипа Бұғыбаева, Сәкен Иманасов сынды ақындарымыздың леңдерін, Әнуар Әлімжанов, Сайын Мұратбеков, Бексұлтан Нұржекеев сияқты жазушыларымыздың прозалық шығармаларын оқи отырып, туған өлке келбеті, тарихи тұлғаларымыздың тағдыры жайлы деректермен, өлке тынысымен танысады.

Құзыреті:

арнайы:

- қазақ әдебиетінің ілгері жылжуын ғылыми тұрғыда бағалау мен саралау жолдарын меңгеруі, қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселесіне өзіндік тұрғыда баға беру, жаңа тұжырымдар айта білуі;

пәндік:

- Жетісу жеріндегі проза жанрының қалыптасып, дамуының объективті себептерін ашып, айқындай алуы;

- көркем образ, әдеби характер, әдеби тип, реализм, романтизм, жазушы стилі сияқты әдеби ұғымдардың негізгі белгілерін білуі.

- қаламгер туындыларымен танысып, ондағы дәуір демін, қоғам шындығын айқындай білуі;

ТК 3.6

Пәннің шифры: LTA 4308

Пән атауы: Лингвистикалық талдау әдістері

Пререквизиттері: Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы, Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі

Постреквизиттері: алған білімі мен дағдысын кәсіби қызметте пайдалану

Мақсаты: Грамматиканың жалпы теориялық мәні бар мәселелерімен танысу. Грамматиканың теориялық негіздеріне қатысты ғылыми еңбектермен, грамматикалық ұғымдар: грамматикалық мағына, грамматикалық тәсіл, грамматикалық форма және грамматикалық категория туралы мағлұмат алуға баулу. Сөз тіркесі мен сөйлемге тән басты белгілерді қамту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Грамматикалық талдау - өзіндік талдау принциптері, әдіс-тәсілдері бар, талдаудың бірнеше аспектілері айқындалған оқу пәні. Курста фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік кешенді талдау түрлері, жүргізілу реті оқытылады.

Күтілетін нәтиже:

- қойылған сұрақтарға логикалық ойлау арқылы дұрыс әрі дәл жауап бере білу;
- тыңдаған не оқыған әдебиеттерді ғылыми-теориялық тұрғыдан талдай білу;
- баспасөз материалдары және қосымша әдебиеттер негізінде хабарлама, баяндама, реферат жаза алуы да көзделген.

Құзыреті:

арнайы: грамматиканың теориялық негіздеріне қатысты ғылыми еңбектермен танысу;

пәндік: грамматикалық ұғымдар: грамматикалық мағынаны, грамматикалық тәсілді, грамматикалық форманы және грамматикалық категорияны меңгеру, сөз тіркесі мен сөйлемге тән басты белгілерді игеру.

ТК 3.7

Пәннің шифры: KMLT 4309

Пән атауы: Көркем мәтінге лингво-психологиялық талдау

Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе, XX ғасырдағы қазақ әдебиеті (2-кезең)

Постреквизиттері: алған білімі мен дағдысын кәсіби қызметте пайдалану

Мақсаты: Көркем мәтінде қолданылған тілдік құралдардың мәнін ашып түсіндіру, сол арқылы түпкі нәтижеге – мәтіннің (көркем шығарманың) көркем бейнелі болмысын түсінуге қол жеткізу. Көркем туындылар тілін зерттеудегі ілім-тәжірибелерді басшылыққа ала отырып, студенттерге лингвистикалық талдаудың жолдарын, практикасын үйрету. Мәтінде қолданылған тілдік элементтердің мағынасын, мәнін, эстетикалық қызметін ашып айқындау.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Көркем мәтінді лингво-психологиялық талдау курсының негізгі нысаны - көркем шығарма, ондағы тілдік құралдардың көркем мазмұнды бейнелеуге қатысы. Курс көркем мәтінде қолданылған тілдік құралдардың мағынасын, мәнін, эстетикалық қызметін айқындауды мақсат етеді. Шығарманың көркем пішінін үңіле зерттеу арқылы оның идеялық, эстетикалық болмысын ашуға болады. Курс көркем шығарманы талдаудың жолдары мен әдістерін үйретеді.

Күтілетін нәтиже:

- мән, мәтін, абзац, мәтін ұғымдарын меңгеру;
- мәтінді талдау принциптерімен танысу;

Құзыреті:

- көркем мәтінмен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдері мен принциптері туралы ұғым-түсінігі қалыптасқан;
- көркем мәтіннің ұйымдасқан біртұтас эстетикалық күрделі құрылым екенін түсіндіре алады;
- көркем шығарма тілін түсініп, оны талдай біледі.

ТК 3.7

Пәннің шифры: KShP 4309

Пән атауы: Көркем шығарма поэтикасы

Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе, XX ғасырдағы қазақ әдебиеті (2-кезең)

Постреквизиттері: алған білімі мен дағдысын кәсіби қызметте пайдалану

Мақсаты: Қазіргі қазақ әдебиетінің даму-бағыттарын айқындау; әдебиеттегі басты тақырып, мәселелердің ара-жігін ашу; ұлттық сөздің қазіргі дамуындағы ізденіс-іркіліс сырларына, жанрлар жүйесіне, көркемдік құпия астарларына ден қою; қазіргі кезеңдегі қазақ әдебиетінің даму бағыт-арналары ақын-жазушылардың танымал туындылары негізінде кеңінен қарастырылып, ондағы тақырып, ізденіс, көркемдік арналарына, тіл-стиль сырларына назар аудару.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Әдебиет дамуындағы демократия тағылымын, тәуелсіздік талаптарын барынша бедерлі бейнелеген туындылар табиғатына мән беру; сөз өнерінің барша құпия-сырларын кеше-бүгін байланысы арқылы көрсетіп, әдебиет дамуын, ондағы жаңа бағыт, соны леп-күнге, талант табиғатына, қолтаңба мәнеріне, көркемдік таным арналарына жіті, сергек үңілу.

Күтілетін нәтиже:

- қазақ әдебиетінің бүгінгі даму-қозғалысын зерделейді;
- ұлт әдебиетіндегі өмір мұратын, адам мен оның еңбегін айқындайды;
- еліміз тәуелсіздік алғалы бергі уақыт аралығындағы сөз өнері үлгілерін, ақын-жазушылардың шығармашылық ерекшеліктерін көрсетеді.

Құзыреті:

- әдебиеттегі басты тақырыптар (демократия мен тәуелсіздік тағылымы, ел-жер тағдыры, адам өмірі мен еңбегі, алыс -жақын елдер байланысы, жастық махаббат ғаламаттары т.т.) табиғатын ашады;

- қазіргі қазақ әдебиетінің бағыт-арналарын, жаңа есім мен соны туындылар табиғатын, ондағы ізденіс, көркемдік және ой-сөз жүйелерін кең көлемде танып-талдау, байыпты зерделейді;
- ақын-жазушылар еңбектеріндегі ізденіс іздерін, дәстүр мен жаңашылдықты, ұлттық-рухани мұраттарды, дерек-дәйек көздерін, елдік-ерлік сипаттарды, көркемдік өрнектерді, тілдік-стильдік құбылыстарды жан-жақты танып, талдайды.

ТК 3.7

Пәннің шифры: Muk 4308

Пәннің атауы: Мұқағалитану

Пререквизиттері: ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті (2-кезең)

Постреквизиттері: алған білімі мен дағдысын кәсіби қызметте пайдалану

Мақсаты: Қазақ жырының құдіреті атанған ақын шығармашылығын жан-жақты зерделей зерттеу мүмкіндіктері туды. Әдебиетші маман ретінде ақынның азаматтық бейнесін туындылары арқылы таныту.

Пәнге берілген қысқаша сипаттама: Мұқағали Мақатаев-қазақ поэзиясында ең оқырманы көп, қалың халық басты жанашыры болған ақын. Қазақ жырының құдіреті атанған ақын шығармашылығын жан-жақты зерделей зерттеу арқылы азаматтық бейнесін таныту, көркемдік көкжиегін айқындау.

Күтілетін нәтиже:

- ақын шығармашылығын әдеби – теориялық жағынан талдай білу;
- лириканы оқыту жолдары мен әдіс-тәсілдерін меңгерту;
- ақын шығармаларының өзіндік ерекшеліктерін игерту.
- оқыту әдіс-тәсілдерін үйрету.
- Мұқағали шығармалары арқылы ақын-лирикті, ақынның өзін таныту;

Құзыреті:

арнайы: педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдыларын меңгеру, әлеуметтік серіктестікке және педагогикалық ынтымақтастыққа қабілетті болу.

пәндік: М.Мақатаев шығармашылығын меңгеру; шығармаларының идеясын, көркемдік ерекшелігін талдай білу; әдебиетші маман ретінде ақынның азаматтық бейнесін туындылары арқылы танып білуі, шығармаларының көркемдік көкжиегін анықтау.

Пәннің шифры: Пуа 1108

Пән атауы: Ілиястану

Пререквизиттері: Қазақ әдебиеті (мектеп бағдарламасы)

Постреквизиттері: алған білімі мен дағдысын кәсіби қызметте пайдалану

Мақсаты: Классик ақын, жазушы, публицист, драматург, аудармашы, фольклорист, әдебиет зерттеушісі, тарихшы, фельетон жанрының негізін салған көп қырлы талант Ілияс Жансүгіровтің зертханасына «енгізіп», шеберлік мектебін саралау, таразылау, суреткердің сырын түсіндіру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Ілияс Жансүгіровтің шығармашылық өмірбаяны, сөз өнерін игеру жолындағы алғашқы ізденістері, қоғамдық және мемлекеттік қызметтері, әртүрлі өнер саласына ат салысуы, поэмалар жазуы, прозаның дамуына қосқан үлесі, драматургиясы, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жариялап, зерттеуі қамтылған.

Күтілетін нәтижелер:

- Ілияс Жансүгіров мұраларын біледі;
- ақынның шығармаларын талдайды;
- шығармалардың идеялық-көркемдігін анықтайды;
- І.Жансүгіровтің әдеби мұрасының даралығын түсіне алады.

Құзыреті: Ілияс Жансүгіровтің әдеби мұрасын меңгерген; ұлттық рухани құндылықтарды қастерлеуге және интеллектуалдық-шығармашылық ойлау мәдениетіне дағдыланған.